

8D07201 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)

«Қазақстан аумағында өсетін кәдімгі сарысою шикізатының (Ханһийит стипендіт І.) негізінде дәрілік зат технологиясын әзірлеу және оны стандарттау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкімет жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Реметова Назитүль Сериковнаның «Қазақстан аумағында өсетін кәдімгі сарысою шикізатының (Ханһийит стипендіт І.) негізінде дәрілік зат технологиясын әзірлеу және оны стандарттау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысы Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайда — Қазақстан: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында, еліміздің 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарына, ҚР Премьер-Министрінің «2020–2025 жылдарға арналған фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамыту жөніндегі кешенді жоспары» туралы өкіміне, сондай-ақ ҚР Үкіметінің «2023–2029 жылдарға арналған өндешеі өнеркәсіпті дамыту тұжырымдамасы» және «Сапауатты ұлт» ұлттық жобасы туралы қаулыларына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында өсетін дәрілік өсімдіктерді пайдалану арқылы отандық дәрілік құралдар жасаудың, сондай-ақ отандық өнімнің бәсекеге қабылеттілігін арттыру бағытына сәйкес.</p>
2	<p>Ғылымға маңыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады Н.С.Реметованың диссертациялық жұмысының жаңалығы мен маңыздылығы ғылыми тұрғыда терең мағыналы. Докторант алғаш рет Қазақстанда өсетін Ханһийит стипендіт І. дәрілік өсімдік шикізатының сапа көрсеткіштері мен фармакогностикалық талдау жүргізіп, нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеген; Ханһийит стипендіт І. шөбінің шикізат қорын анықтау жүргізіген; ұлытрадылбыс көмегімен Ханһийит стипендіт І. экстракттарын</p>

		<p>алу әдісі жасалған; ультрадыбыстық әдісті қолдану арқылы алынған (<i>Xanthium strumarium</i> L.) кою экстрактысының тәжірибелік үлгілерінің микробқа, қабылғуға қарсы және антиоксидантты биологиялық белсенділігі зерттелген; (<i>Xanthium strumarium</i> L.) кою экстрактысы негізінде стоматологиялық пленка түріндегі жана дәрілік зат құрамы жасалған; (<i>Xanthium strumarium</i> L.) негізінде әзірленген дәрілік түрдің сапа көрсеткіштері әзірленген, сақтау мерзімі мен сақтау шарттары анықталған.</p>
3	<p>Өзі жазу принципі</p> <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Ұсынғылып отырған докторанттың диссертациялық жұмысы мазмұнының жүйелілігімен, құрылымының логикалық бірізділігімен және ғылыми тілінің сауатты әрі тұтастығымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысы автордың ғылыми ізденісті дербес жүргізе алатын жоғары деңгейдегі қабілетін айқын көрсетеді. Диссертацияда алға қойылған мақсат пен міндеттер нақты тұжырымдалып, олар зерттеу логикасына сай кезең-кезеңімен толық шешімін тапқан. Жұмыстың құрылымы докторанттың ғылыми ойлау деңгейінің жоғары екенін, кәсіби дағдысын және алынған ғылыми нәтижелерді терең талдап, негіздей алу қабілетін дәлелдейді. Диссертацияда ұсынылған ғылыми жанаалықтар, қолданылған әдістемелік тәсілдер мен зерттеу нәтижелері автордың жеке ізденісінің нәтижесі болып табылады және бұрын жарияланбаған. Зерттеу барысында пайдаланылған әдістер, алынған деректерді өңдеу және нәтижелерді интерпретациялау ғылыми талаптарға толық сәйкес жүргізілген, зерттеу қорытындылары сенімді әрі дәлелді деректерге негізделген. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс ғылыми тұрғыдан жан-жақты негізделген, автордың таңдаған зерттеу бағыты бойынша терең теориялық және практикалық білімін, дербес ойлау қабілетін және ғылым-зерттеу мәдениетін айқын көрсетіп, диссертацияны автордың жоғары деңгейде өзі жазғанын дәлелдейді.</p>
4	<p>Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>Диссертациялық зерттеудің өзектілігі ғылыми тұрғыдан негізделіп, нақты дәлелдермен айқындалған. Таңдалған тақырып</p>

	<p>1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>казіргі ғылымның өзекті бағыттарына және практикалық қажеттіліктерге толық сәйкес келеді. Зерттелетін мәселенің маныздылығы заманауи ғылыми дереккөздер мен нақты мәліметтер негізінде дәлелденген. Диссертация казіргі ғылыми зерттеулер деңгейін ескере отырып, нақты ғылыми проблеманы шешуге бағытталған. Бұл ұсынылған жұмыстың заманауи талаптарға сай екендігін және зерттеу өзектілігінің терең әрі жүйелі түрде қарастырылғанын көрсетеді.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындалды; 2) жартылай айқындалды; 3) айқындалмады</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің мазмұны ұсынылған тақырыппен толық үйлесім тапқан және жұмыста қарастырылатын негізгі ғылыми мәселелерді жан-жақты қамтиды. Диссертацияның барлық тараулары мен құрылымдық бөлімдері зерттеудің басты идеяларын ашуда бағытталған, ал мақсаттар мен міндеттер мазмұнмен өзара тығыз байланыста нақты айқындалған. Жұмыстың мазмұндық құрылымы логикалық бірізділікпен және жүйелілікпен сипатталады, бұл зерттеу тақырыбының мәнін дәйекті түрде ашуда, сондай-ақ ұсынылған материалды ғылыми тұрғыдан түсінікті қабылдауға мүмкіндік береді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертацияның барлық тараулары мен құрылымдық бөлімдері зерттеудің басты идеяларын ашуда бағытталған, ал мақсаттар мен міндеттер мазмұнмен өзара сәйкес келеді. Жұмыстың мазмұндық құрылымы логикалық бірізділікпен және жүйелілікпен сипатталады, бұл зерттеу тақырыбының мәнін дәйекті түрде ашуда, сондай-ақ ұсынылған материалды ғылыми тұрғыдан түсінікті қабылдауға мүмкіндік береді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді және логикалық тұрғыдан жүйелі түрде ұйымдастырылған. Бөлімдер арасындағы өзара сабақтастық сақталып, зерттеу тақырыбының мазмұны кіріспеден қорытындыға дейін дәйекті түрде ашылған. Әрбір тарау алдыңғы зерттеу нәтижелеріне негізделіп, келесі бөлімге мазмұндық тұрғыдан үйлесімді түрде ұласады.</p>

	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (капидагтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p> <p>4) талдау жоқ</p>	<p>Жұмыстың мұндай құрылымдық ұйымдастырылуы диссертацияның ғылыми мазмұнын айқындап, ұсынылған нәтижелерді қабылдауды жеңілдетеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыста әлебиет деректеріне және жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесінде алынған жаңа мәліметтеріне белгілі бір мәліметтермен салыстырмалы түрде сыни талдау берілген. Отандық және шетелдік дереккөздер, ғылыми жарияланымдар, нормативті құқықтық актілерді қосқанда 159 әлебиет көзі қолданылған.</p>
<p>5</p> <p>Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен капидагтар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің капидагтары толығымен жаңа, себебі алғаш рет:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстанда өсетін <i>Xanthium strumarium</i> L. дәрілік өсімдік шикізатының сапа көрсеткіштері мен фармакогностикалық талдау жүргізіліп, нормативтік құжаттардың жобалары әзірленді; - Қазақстан аумағында <i>Xanthium strumarium</i> L. шөбінің шикізат қорын анықтау жүргізілді (Қосымша Б). - ультралыбыс көмегімен <i>Xanthium strumarium</i> L. экстрактыларын алу әдісі жасалды; - ультралыбыстық әдісті қолдану арқылы алынған кәдімгі сарысоюу (<i>Xanthium strumarium</i> L.) кою экстрактысының тәжірибелік үлгілерінің микроба, қабынуға қарсы және антиоксидантты биологиялық белсенділігі зерттелді; - алғаш рет кәдімгі сарысоудың (<i>Xanthium strumarium</i> L.) кою экстрактысы негізінде стоматологиялық пленка түріндегі жаңа дәрілік зат құрамы жасалды; - алғаш рет кәдімгі сарысоюу (<i>Xanthium strumarium</i> L.) негізінде әзірленген дәрілік түрдің сапа көрсеткіштері әзірленіп, сақтау мерзімі мен сақтау шарттары анықталды.

		<p>Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасының 15.08.2025 жылғы № 9875 пайдалы модельге патентімен расталған (Қосымша В).</p>
6	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Диссертациялық жұмыста келтірілген барлық қорытындылар ғылыми дәлелдермен жан-жақты негізделген. Жұмыстың негізгі тұжырымдары сенімді деректерге сүйеніп жасалған және олардың ғылыми шынайылығы толық қамтамасыз етілген.</p>
<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары ғылыми жаңалыққа толық сәйкес келеді. Докторант жаңа ғылыми тұжырымдар жасап, олардың маныздылығы мен практикалық қолданылуын дәлелдеген. Жұмыс зерттеу мақсаттарын толық жүзеге асырып, ғылыми саланың дамуына үлес қосады, ал алынған нәтижелердің жаңалығы практикалық жағынан да өзектілігімен ерекшеленеді.</p>	
<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері жаңалық сипатында болып, қазіргі заманғы ғылыми талаптар мен деңгейге сәйкес негізделген. — Технологиялық жаңалығы Қазақстан Республикасының өнертабысының мемлекеттік тізімінде тіркелген № 9875 «Микробка қарсы агент ретінде <i>Xanthium strumarium</i> L. (кәдімгі сарысою) пайдалану» өнертабысына патентпен расталған. Scopus дерекқорына кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдағы мақала — 2 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басшылықтағы мақалалар — 2 мақалалар жарияланды.</p>	
<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану)</p>		

	және гуминарлық бағыттары бойынша)	Зерттеудің негізгі нәтижелері бірнеше халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда ұсынылып, сонымен қатар 9 ғылыми жарияланымда жарияланған. Сонымен бірге, ультратдыбыстық әдіспен (Ханити <i>stimulation</i> L.) экстракттыларын алу технологиялық процесін жүзеге асыру «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ, фармация мектебіне, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ, Биология-география факультетіне, «Башқұрт мемлекеттік медицина университеті», фармакогнозия және ботаника кафедрасының оқу процесіне енгізілген.
7	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар</p> <p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиялды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p>	<p>7.1 Қорғауға шығарылғтын негізгі қағидағтары толығымен дәлелденген.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидағтары тривиялды емес.</p> <p>7.3 Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылғтын барлық қағидағтары жана және қорытындымен сәйкес келеді.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Диссертациялық зерттеудің нәтижелері Мақалада дәлелденген 9 ғылыми жұмыс жарияланған. Scopus дерекқорына кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдағы мақала – 2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдағы мақалалар – 2; Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы мақалалар (Қазақстан, Ташкент, (Тәжікстан) – 4 және 1 баяндама; пайдалы модельге патент -1.</p>
8	<p>Дәйектілік принципі</p> <p>Дерекқоздер мен ұсынылған ақпараттын дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>Диссертациялық зерттеу әдіснамасын тандау жеткілікті негізделген. Жұмысты орындау барысында фармакопеялық және фармакопеялық емес әдістер және маркетингтік талдау әдістері де қолданылған.</p>

	<p>2) жок</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулерінің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/ жеткіліксіз</p>	<p>Докторант ғылыми жұмысын жүргізу барысында заманауи физика-химиялық әдістерді және компьютерлік технологияларды, оның ішінде Statistica 10.0 (StatSoftInc, АҚШ) статистикалық пакетінің көмегімен және Excel өндей білген.</p> <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар тәжірибелік зерттеу арқылы дәлелденіп, расталған.</p> <p>Жұмыста ұсынылған маңызды ғылыми тұжырымдар өзектілігі жоғары және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелер арқылы дәлелденген. Диссертациялық зерттеуде халықаралық деңгейде рецензияланатын ғылыми басылымдарда жарық көрген мақалаларда жарияланған зерттеу нәтижелері пайдаланылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста әдебиеттерге шолу жасау үшін жеткілікті әрі ауқымды дереккөздер пайдаланылған. Атап айтқанда, отандық және шетелдік 159 автордың ғылыми еңбектері қамтылып, зерттеу тақырыбы бойынша қазіргі ғылыми көзқарастар жан-жақты және жүйелі түрде талданған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың теориялық құндылығы жоғары болып табылады және ол алынған зерттеу нәтижелерін оқу-әдістемелік материалдар мен ғылыми еңбектерді әзірлеуде, сондай-ақ білім беру үдерісінде тиімді пайдалану мүмкіндігі арқылы айқындалады.</p>
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p>	

	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеудің практикалық маңыздылығы жоғары <i>Халиит стимарит</i> Л. шөбіне, кәдімгі сарысоюу негізінде ультрадыбыстық әдіспен алынған қою эстракт субстанцияларына және кәдімгі сарысоюу эстракты негізінде жасалған пленкалар бойынша зертханалық регламенттер мен нормативтік құжаттар жобалары әзірленген.</p> <p>Ультралыбыстық әдіспен кәдімгі сарысоюу (<i>Халиит стимарит</i> Л.) эстрактыларын алу технологиялық процесін жүзеге асыру «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ, фармацевтика мектебіне, «академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ, биология-география факультетіне, «Башқұрт мемлекеттік медицина университеті», фармакогнозия және ботаника кафедрасының оқу процесіне енгізілген.</p> <p>Практикалық ұсыныстар толығымен жана болып табылады.</p>
<p>10 Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25- 75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p> <p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Реметова Назигуль Сериковнаның «Қазақстан аумағында өсетін кәдімгі сарысоюу шикізатының (<i>Халиит стимарит</i> Л.) негізінде дәрілік зат технологиясын әзірлеу және оны стандарттау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Мазмұны жағынан толыққанды толыққанды әрі дербес ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.</p>
<p>11 Диссертацияға ескертулер</p>	<p>Ғылыми жұмыстары кейбір мәселелерді пысықтау үшін келесідей сұрақтар бар:</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың жанашылдығы, теориялық негіздемесі және зерттеу маңыздылығы толықтай ашылған және ешқандай ескерту тудырмайды.</p>
<p>12 Зерттеу тақырыбы бойынша докторант макалаларының ғылыми деңгейі</p>		<p>Докторанттың жарияланған ғылыми макалалары зерттеу тақырыбының қазіргі заманғы ғылыми талаптарына толық сәйкес келеді. Еңбектерде қарастырылған мәселенің терен теориялық тұрғыда талданғаны және практикалық тұрғыдан маңызды</p>

<p>(диссертация макалалар сериясы түрінде қорғалған жағдайда, ресми рецензенттер зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың әрбір мақаласының ғылыми деңгейіне түсініктеме береді)</p>		<p>Нәтижелердің алынғаны айқын көрініс табады. Зерттеу нәтижелерінің рецензияланатын ғылыми журналдарда жариялануы олардың ғылыми маңыздылығы мен өзектілігін дәлелдейді.</p>
<p>13 Ресми рецензенттің шешімі:</p>		<p>8D07201 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Реметова Назигуль Сериковнаның «Қазақстан аумағында өсетін кәдімгі сарысуау шикізатының (<i>Xanthium strumarium</i> L.) негізінде дәрілік зат технологиясын әзірлеу және оны стандарттау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 8D07201 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.</p>

Ресми рецензенті:

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ,
 дәрілер технологиясы және фармакогнозия
 кафедрасының профессоры, фарм.ғ.к.



Olzinq

Орынбасарова Күлпан Кенжебаевна
 Құжаттардың қолдарын аяққындаймын
 ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
 МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
 КАДРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БӨЛІМІ